

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Рауан" республикалық баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 қараша N 1701

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Рауан" республикалық баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оны мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Мектеп" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Мектеп" ААҚ) етіп қайта құру арқылы қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) "Мектеп" ААҚ жарғысын бекіткен кезде негізгі қызметі баспа өнімдерін шығару д е п б е л г і л е с і н ;

2) "Мектеп" ААҚ мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) "Мектеп" ААҚ мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін оның акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне берсін;

4) < * >

5) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.31. N 1383

қ а у л ы с ы м е н .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

" Алматы қаласы " бөлімінде:

реттік нөмірі 293 "293. "Алатау" БПК" ААҚ" және 293-1 "293-1. "Алматы-Болашақ" ЖАҚ" деген жолдардағы "293" және "293-1" деген сандар "123-27" және "123-28" деген

сандармен

ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-29-жолмен толықтырылсын:

"123-29. "Мектеп" ААҚ";

2) < * >

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде :

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімінде :

реттік нөмірі 224-1 "224-1. "Алатау" БПК" ААҚ" деген жолдағы "224-1" деген сан "224-3" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-4-жолмен толықтырылсын:

"224-4. "Мектеп" ААҚ".

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180

қаулысымен

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі